



ЭТНОЛАГЕРЬ ШАҚЫРАДЫ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ЕЛДЕГІ ДЕМАЛЫС ПА, ШЕТЕЛГЕ САЯХАТ ПА?

6-БЕТ | САРАПТАМА



ЖОШЫ – ТАРИХ САХНАСЫНДА

8-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚАЗАҚСТАН – ОСЫ ГЕОСАЯСИ АЙМАҚТА САЯСИ ЖҮЙЕСІН ҚЫСҚА МЕРЗІМ ІШІНДЕ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРТКЕН БІРДЕН-БІР МЕМЛЕКЕТ. ТЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ АРҚАСЫНДА САЯСИ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ҒАНА ТӘН ЕРЕКШЕ ҮЛГІСІ ҚАЛЫПТАСТЫ. КЕЛЕШЕКТЕ ДЕ ОНЫҢ МӘН-МАҒЫЗЫ АРТА БЕРМЕК. АЛАЙДА ҚОЛДА БАР ЖЕТІСТІККЕ ТОҚМЕЙІЛСІП ОТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ. АЛДА ҰЗАҚ ЖОЛ, АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС БАР.

№88  
(4676)  
Бейсенбі  
25 шілде  
2024 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ЕЛОРДА ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Астана қаласының Бас жоспары бойынша 2035 жылға қарай елорда тұрғындарының саны 2,3 миллион, ал 2025 жылға қарай 1,48 миллион болады деп болжанады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес және Бас жоспарды іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында қала әкімдігінің бастамасымен «Көгалдандыру жарғысы және қоғамдық кеңістіктерді дамыту тұжырымдамасы» қабылданды. Тұжырымдама бойынша қалада сан алуан жасыл өсімдіктер мен ағаштар отырғызылып жатыр.



### ДОДАҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАНДАЙ?

Астанада 8-13 қыркүйек аралығында Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Елорда алаңдарында этникалық спорт түрлері бойынша 89 елдің сайыскерлері сынға түседі. Бүгінгі таңда ойындар өтетін 6 нысанда дайындық жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр.

### ТАЛДЫКӨЛ МАҢЫ ТАЗАЛАНАДЫ

Алдағы аптада елорда іргесіндегі кіші Талдықөлдің маңында экологиялық акция өтеді.



«Келесі сәрсенбіге Нұра ауданы әкімдігімен бірлесіп кіші Талдықөл маңын тазалауды жоспарлап отырмыз. Талдықөл қаладағы экологиялық маңызды аумақтардың бірі саналады. Көл аумағын тазарту бұған дейін жоспарланған, бірақ ауа райына байланысты келесі аптаға ауыстырылды» деді «Жасыл ел» жобасы жетекшісінің орынбасары Асылбек Абдурашитов елордада өткен экологиялық акция барысында.

### СУ ӘЛЕМІ

27 шілде 15:00 Орталық саябақ



### ҚЫЗЫҚТЫ ОЙЫНҒА ҚАТЫСЫҢЫЗ

Елордада белсенді өмір салтын ынталандыруға және спорт мәдениетін дамытуға бағытталған «Астана қозғалыста» бағдарламасы бойынша қызықты ойындар ұйымдастырылады.

Бірінші іс-шара қалалық орталық саябақта су шашатын ойыншықтармен «Су әлемі» ойындары өткізіледі. Саябақтағы «Қазақстан күні» монумент-сағат жанындағы ойындар 27 шілдеде сағат 15.00-17.00 аралығында ұйымдастырылады. 28 шіл-

деде Триатлон паркте «FunnySter» би баттлы өтеді. Бұл ойындарға кез келген қала тұрғыны қатыса алады.

Әр аптаның демалыс күндері өтетін ойынауық және спорттық іс-шаралар марафоны 25 тамызға дейін жалғасады.

### ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Ұйыттық рухтың негізі – ұйыттық тіл.

Әлпейіс Мұсағай

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 513.44 \$ USD/KZT 472.62 ₸ RUB/KZT 5.43 ¥ CNY/KZT 64.97

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевті туған күнімен құттықтап, оған бақ-береке және Өзбекстан халқының игілігі жолындағы жауапты қызметіне табыс тіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы достық, тату көршілік және одақтастық қатынастарын нығайтуға Шавкат Мирзиёевтің қосқан зор үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді.

Президенттер екіжақты өзара ықпалдастықтың жоғары қарқынын атап өтіп, сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, энергетикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты арттырудың

перспективаларын талқылады. Тараптар аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді қарастырды. Сондай-ақ жоғары деңгейдегі байланыстардың алдағы кестесін пысықтады.

## ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан Әбдел Фаттах Ас-Сиси мен мысырлықтарды осы елдің ұлттық мейрамы – Революция күнімен құттықтады.

– Қазақстан мен Мысыр арасындағы ортақ рухани құндылықтар мен жан-жақты өзара ынтымақтастыққа негізделген дәстүрлі қатынастардың өрісі кеңейгенін зор ризашылықпен

атап өтемін. Халықтарымыздың игілігі үшін екіжақты және көпжақты форматтардағы серіктестігіміз болашақта да өзінің жалғасын тауып, қарқынды дами беретініне кәміл сенемін, – деп

жазылған жеделхатта. Қасым-Жомарт Тоқаев Әбдел Фаттах Ас-Сисидің жауапты қызметіне толағай табыс, ал бауырлас мысыр халқына құт-береке тіледі.

## КӘДЕСЫЙ ӨНІМДЕРІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу жөніндегі штаб мүшелеріне кәдесый өнімдерінің эскиздері мен өткізу орындары, сондай-ақ қалалық нысандарды безендіру нұсқалары таныстырылды.

Отырысқа кәдесый жасаушылар-қолөнер суретшілері, шеберхана басшылары шақырылды. Брендтелген кондитерлік өнімдер, суреттер, салпыншақтар, кітаптар, футболкалар, жібек шарфтар, тоңазытқыш магниттері,

ыдыс-аяқтар және т.б. таныстырылды.

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу бойынша қалалық Штаб басшысының орынбасары Ерлан Каналимов қатысып, қала қонақтарының сұранысын қамтамасыз ету

үшін өнімді жетілдіру және толтыру бойынша өз ойын ортаға салды. Айта кету керек, бекітілген өндірушілердің әрқайсысының кәдесыйлары бекітілген дүңгіршектердің әрқайсысында белгіленген бағамен сатылатын болады.



## АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру мәселесі Үкіметте Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен отырыста қаралды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауылдағы медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру және сапасын жақсарту бойынша қойған міндеттерінің орындалуы туралы Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова баяндады. Өңірлердегі жағдай бойынша бірқатар облыс әкімі есеп берді.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда 99 медициналық-санитар-

объектісінде 656 медицина қызметкері жұмысқа орналастырылды. Бұл ретте Ұлттық жоба шеңберінде кадрларға жалпы қажеттілік 1 100 медицина қызметкерін құрады.

Үкімет отырысы барысында Қарағанды, Жетісу және Алматы облыстары әкімдерінің баяндамалары тыңдалды. Кестеден артта қалу және ауылдық аумақтарда МСАК объектілерін салу бойынша жұмысты күшейту,

санның құрылыс жұмыстарын уақытлы әрі сапалы жүргізу үшін күнделікті бақылауды күшейтуі керек. Қарағанды, Ақтөбе, Павлодар, Батыс Қазақстан, Жетісу және Алматы облыстары әкімдерінің назарын осыған аударғым келеді. Құрылыс маусымы, әсіресе солтүстік өңірлер үшін тез аяқталатынын ескеру қажет. Барлық объектілер белгіленген мерзімде пайдалануға берілу-



лық алғашқы көмек нысаны салынды. Биылға 556 медициналық және фельдшерлік пункттер, сондай-ақ дәрігерлік амбулаториялар салу көзделген. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаж жұмыстары 322 нысанда басталып, 3 нысанда аяқталды, деп хабарлады Ақмарал Әлназарова. Бұл ретте Денсаулық сақтау министрлігі Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен бірлесіп, мемлекеттік сараптама қорытындысының негізінде жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеп, байланыстыруды толық аяқтады. Жалпы, Ұлттық жобадан іске асырудың барлық кезеңінде 655 МСАК нысанының құрылысы қарастырылған. Сондай-ақ 32 орталық аудандық аурухананы жаңғырту көзделуде. Қазіргі уақытта 10 нысанда тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр, 2 медициналық мекемеге күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. 2023-2024 жылдар кезеңінде 152 денсаулық сақтау

жандандыру қажеттігі атап өтілді. Мәселен, жыл соңына дейін денсаулық сақтау ұйымдарының ең көп саны Қарағанды облысында салынуы тиіс. Бұл ретте іске асыруға жоспарланған 78 нысанның тек үштен бірінде ғана жұмыс басталған. Жетісу облысында объектілердің тек 75 пайызы бойынша құрылыс-монтаждау жұмысына шарт жасалды.

Премьер-министр осы жылы аяқталатын Ұлттық жобаны іске асыру Үкіметтің басым міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Президенттің ауылдық аумақтарда медициналық ұйымдар салу жөніндегі тапсырмасын орындау мәселесі ертерек – осы жылдың ақпан айында қаралды. Өткен кезеңде үлкен жұмыс жүргізілді, деп атап өтті Олжас Бектенов.

Барлық жобалардың жобалық-сметалық құжаттамасына мемлекеттік сараптама аяқталды, мердігерлер анықталды, жұмыстар басталды.

«Әкімдіктер барлық ны-

ге тиіс. Бұл ретте құрылыс жұмыстарының нормативтік талаптарының сақталуын да қамтамасыз ету керек» деді Олжас Бектенов.

Премьер-министр сондай-ақ көпсалалы аудандық ауруханаларды жөндеу жұмыстарын жалғастыру және денсаулық сақтау ұйымдарын сапалы жарақтандыру үшін қажетті медициналық жабдықтардың тізбесін қалыптастыру қажеттігін атап өтті.

Үкімет басшысы Ұлттық жобаны іске асыруға 60,3 млрд теңгеден астамы өңірлерге берілгенін атап өтті. Қалған объектілерді қаржыландыру қосымша пысықталуда – осы мәселені шешуді жеделдету үшін бейінді ведомстволарға тиісті тапсырма берілді. Денсаулық сақтау министрлігінің алдына объектілерге олар аяқталғанға дейін тұрақты түрде барып, құрылыс барысына мониторинг жүргізу міндеті қойылды.

## МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫ МЕРЗІМІНДЕ БІТЕ МЕ?

Үкімет көктемгі су тасқынынан зардап шеккен білім беру мекемелері мен ұйымдарын қалпына келтіру жұмыстарын жалғастыруда. Осы мақсатта Үкіметтің төтенше резервінен қосымша қаражат бөлінді. Тиісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды.

Қалпына келтіру жұмысы еліміздің үш өңірін – Қостанай, Ақмола және Ақтөбе облыстарын қамтиды. Бөлінген қаражаттың жалпы сомасы – 7,5 млрд теңге. Бұған нысандарды қалпына келтіруге, қираған нысандардың орнына жаңа білім беру мекемелерін салынады.

Атап айтқанда, Қостанай облысында Жангелдин ауданындағы Айса Нұрманов атындағы мектеп ғимаратын жөндеу жоспарланған. Ақмола облысында Атбасар қаласында

№1 мектеп, Атбасар ауданы Сергеевка ауылында «Есіл» сауықтыру кешені, сондай-ақ Державинск қаласында Абай атындағы мектеп салынады. Ақтөбе облысында Көтібар батыр атындағы мектеп және Мұғалжар ауданындағы «Балауша» балабақшасы, Ойыл ауданындағы «Балбөбек» мектеп-бақшасы мен балабақшасы, Екпелал мектебі қамтылады.

Енді жергілікті атқарушы органдар бөлінген қаражатты тиімді пайдаланып, бүлінген ғимараттарды алдағы

оқу жылы басталғанға дейін уақытлы қалпына келтіруі керек. Бұл білім беру процесінің үздіксіз жүргізілуін қамтамасыз етеді.

17 шілдеде Премьер-министр Олжас Бектенов су тасқынынан кейін тұрғын үйлер мен инфрақұрылымды қалпына келтіру мәселелері жөнінде кеңес өткізіп, қалпына келтіру жұмыстарының қарқынын жеделдетуді және орталықты туындап жатқан мәселелер туралы үнемі хабардар етіп отыруды тапсырған еді.

## ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ 70 КӨЛІКПЕН ТОЛЫҒАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің тапсырмасы бойынша елорда әкімінің орынбасары Евгений Глотов Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп, демалыс күндері жедел медициналық жәрдем станцияларына барды.

Аралуу барысында жұмысты жандандыру бойынша ең өзекті мәселелер мен ұсыныстар талқыланды.

Санитарлық көлік паркінде жүргізілген техникалық аудиттің қорытындысы бойынша, ақаулы автомобильдерге жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

– Биыл жедел жәрдем паркін 70 жаңа санитарлық автокөлікпен толықтыруды жоспарлап отырмыз, бұл қызметтің жеделдігін айтарлықтай жақсартады. Жұмысты ыңғайлы жүргізу үшін медициналық қызметкерлер мен жүргізушілердің еңбекақысы

ұлғайтылды. Әріптестерімізбен бірлесіп, елордалық жедел медициналық жәрдем қызметі жұмысының сапасын жақсарту бойынша басқа да шұғыл шаралар қабылдаймыз, – деді Е.Глотов.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ



## ЕРЕКШЕ ЧЕЛЛЕНДЖ БАСТАЛДЫ

Кеше Астана қаласы Білім басқармасының ұйымдастыруымен «Таза Қазақстан» акциясы аясында «Таза мектеп» челленджі басталды.

Аталмыш челлендж қаладағы Барлыбек Сырттанұлы атындағы №34 орта мектептен бастау алды. Мұнда мектеп қызметкерлері жаңа оқу жылына дайындық ретінде тазалық жұмыстарын жүргізді. Ал Jasyl el жасағының волонтерлері мектептің ауласында ағаштарды суарып, қоқыстан тазартты.

Айта кетейік, биыл екі қабатты білім ошағының ауласына 200 түп ағаш отырғызылды.

– Бұл іс-шараның мақсаты – 2024-2025 жаңа оқу жылына ағымдағы жөндеу және тазалық жұмыстарын жандандыру. Акция барлық мемлекеттік мектептерде жүргізіледі. Оған мектеп ұстаздары мен оқушылар қатысып, білім ошақтарының

ауласын көгалдандыруға өз үлестерін қосады, – деді Астана қаласы Білім басқармасының баспасөз хатшысы Аяжан Амантайқызы.

Білім басқармасы өкілінің айтуынша, бұл игі шара жаңа оқу жылы басталғанға дейін жалғасады.

Сабина КӘКІМЖАН



## ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ

Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында ішкі нарықты пасыз өнімдерден қорғау мәселесі талқыланды, деп хабарлады Elorda.info.

Тұтынушылардың құқын қорғау мақсатында жыл басынан бері жоспардан тыс 6 тексеру жүргізілді.

Техникалық реттеу және метрология комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Рүстем Айменовтың

мәліметінше, құзырлы орын ағымдағы жылы 6 айдың қорытындысы бойынша 6 жоспардан тыс тексеру жүргізген. Сондай-ақ прокуратурамен 7 бірлескен тексеру ұйымдастырылды. Бұған қоса 5 270 220 теңге сомасына 9 әкімшілік айыппұл салынған,

оның ішінде 4 162 620 теңге өндіріліпті.

Спикер, сондай-ақ қолданыстағы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң қоғамдық бірлестіктерге қандай мүмкіндіктерді беретінін атап айтты.



## ЭТНО ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЛАГЕРЬЛЕР

Биылғы жазда демалыстың барлық түрі бойынша 200 мыңнан астам оқушы қамтылды. Балалардың ойын-сауық демалысын ұйымдастыру мақсатында елордалық 10 мектепте 5-8 сынып оқушыларына арналған археологиялық лагерьлер жұмыс істейді.

Қала мектептерінде бастауыш және орта сынып оқушылары үшін тақырыптық лагерьлер ұйымдастырылды.

Сонымен, №69 мектеп-гимназиясында төрт демалыс бағыты жұмыс істейді. Солардың бірі – «Бозоқ» археологиялық лагерьі.

– Бізде жазғы лагерьлердің төрт бағыты бар, олардың бірі – «Бозоқ» археологиялық лагерьі. Лагерьді тарих пәнінің мұғалімдері ұйымдастырады, олар ғылыми жұмыстар жүргізеді, археологтардың жұмысын айқын көрсетеді. Сондай-ақ оқушылар Ұлттық музейге барып, жақында «Алтын адам»

археологиялық олжасымен танысты, – деді қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Толқын Байжұманова.

Лагерьдің атауы кездейсоқ таңдалмаған, №69 мектеп-гимназиясының жанында ежелгі Бозоқ қалашығы орналасқан. Осы бағыт аясында оқушылар тарих пен археологияны оқиды.

– Бозоқ қалашығын археолог Кемел Ақышев ашып, зерттеді. Мен оқитын №69 мектеп-гимназия оның есімімен аталады. Археологтың олжалары біздің мектеп пен қаланың мұражайларында сақталған. Археологиялық лагерьде біз Бозоқ қалашығын және басқа да

тарихи ескерткіштерді зерттейміз. Мен ата-бабаларымыздың ежелгі жерлерді қалай зерттеп, ашқанын білгім келеді, – деді 5-сынып оқушысы Мырзабек Сеелқан.

Археологиялық лагерьден басқа, №69 мектеп-гимназиясында этникалық бағыт ерекше танымал. Этнолагерьге баратын оқушылар қазақ халқының салт-дәстүрлерін, ұлттық колөнерді үйренеді. Жазғы маусымның басынан бері археологиялық және этнолагерьге барлығы 450-ге жуық оқушы барды.

Зарина СӨРСЕНБАЙҚЫЗЫ

## ПАРАЛИМПИАДАШЫЛАРДЫ ҚОЛДАДЫ

Астанадағы сауда ойын-сауық орталықтарының бірінде Паралимпиада спортшыларын қолдау мақсатында «Шексіз мүмкіндіктер» атты шығармашылық кеш өтті.

Париж-2024 Паралимпиада ойындарына қатысатын ұлттық құрама спортшыларына дем беру мақсатында өткен кешке параспортшылар және қала тұрғындары жиналды.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығының баспасөз хатшысы Құралай Әшімханованың сөзінше, ұлттық құрамада араға 28 жыл салып, волейболды отырып ойнаудан Паралимпиадаға жолдама жеңіп алған команда бар.

– Бұл кеш Паралимпиада ойындарына қатысатын спортшыларымызға қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылып отыр. Былтыр Азия чемпионатында күміс жүлде

жеңіп алып, Паралимпиадаға спорттың волейболды отырып ойнау түрі бойынша жолдама алған команда қатысады. Қазақстан құрамасы 1996 жылы Атлантада өткен Паралимпиадаға қатысып,

8-орын алған еді. Содан бері 28 жыл өтіп, енді, міне, ұлттық құрама жолдама жеңіп алды. Ұлттық құрамада 12 адам бар. Бүгінде олар әлемдік додаға дайындалып жатыр, – дейді Құралай Әшімханова.

Биыл еліміз Паралимпиадаға 32 жолдама жеңіп алып, спорттың 9 түрінен бақ сынаиды. Оның ішінде 5 елордалық спортшы бар.

Волейболды отырып ойнаудан ұлттық құраманың бас жаттықтырушы Бауыржан

Тақауов та шығармашылық кешке қатысып, барлық спортшыларға сәттілік тіледі.

– Біздің жігіттердің дайындығы жақсы. Биылғы жарыс біздің ел үшін өте маңызды. Әлемдік додаға параволейболдан 8 мемлекет қатысады. Барлық спортшыларға сәттілік тілеймін, – деді Бауыржан Тақауов.

Кеште парабишімен домбырашылар таланттарын көпшілікке паш етті. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін «Qanattylar» инклюзивті театр актерлерінің орындауында дақтильді тілмен ән айтылды.

Айта кетейік, еліміздің отырып ойнайтын волейболдан ұлттық құрамасы әлемдегі үздік 6 команданың қатарында.



№88 (4676) 25/07/2024 Бейсенбі

Гүлбаршын  
ӨКЕШҚЫЗЫ

**А**стананың 2035 жылға дейінгі Бас жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген болатын. Былтыр желтоқсан айының соңында аталған жоба елорданың Қоғамдық кеңесінде талқыланғаны туралы айта келе, басқарма басшысы онда елорда аумағын дамытудың негізгі бағыттары айқындалғанын атап өтті.

– Бас жоспар бойынша 2035 жылға қарай халықтың болжамды саны 2,3 млн, ал 2025 жылға қарай 1,48 млн адам деңгейінде болады деп күтілуде. Астана қаласының аумағы 79 733 га күйінде өзгеріссіз қалады. Есептік мерзімге тұрғын үй қоры 1 адамға 30 м<sup>2</sup> нормамен 68,2 млн шаршы метр болып болжанады, оның ішінде 2025 жылға 38,4 млн м<sup>2</sup> көзделген. Рекреациондық аумақтардың ауданы 2035 жылға қарай 1 адамға 18,7 шаршы метр есебімен 42,7 мың га құрайды. Мыңжылдық аллеясы, Тельман тұрғын алабы және Тұран даңғылының батысындағы аудандарда құрылыс жұмыстары жүргізіледі. Осыған байланысты жаңа бас жоспарға сәйкес 2024 жылы қала аумағын құрылыстық аймақтарға бөлу жөніндегі жобалау жұмыстары жалғасуда, – деді Алтынбек Ахметов.

Бұл ретте қаланың төрт негізгі аумағы бойынша, атап айтқанда, Қабанбай батыр даңғылы, Сарайшық көшесі және Есіл өзені бойындағы шекараларда, «Технопарк» аумағында, Б.Момышұлы даңғылы, Қ.Сәтбаев көшесі, Р.Қошқарбаев даңғылы және Тәуелсіздік даңғылынан батысқа қарай шекараларда, орталық қалалық базар ауданында, Алаш тас жолы бойындағы аумақта егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеу басталды. Осы жерлерде инфрақұрылым дамып, қоғамдық кеңістіктер көбейіп, адамдардың өмір сүру сапасы жақсарды. Бұл жұмыстар кестеге сәйкес осы жылдың соңына қарай аяқталады.

#### РЕНОВАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ МАҢЫЗДЫ

2035 жылға дейінгі жаңа бас жоспарға сәйкес қалада рено-

**2023 ЖЫЛЫ ҚАЛАДА 3,7 МЛН ШАРШЫ МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫНДЫ. 2024 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕГІ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША 1,6 МЛН Ш.М. ТҰРҒЫН ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ. БИЫЛ АСТАНАДА 3,8 МЛН Ш.М. КӨППӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНДЕРІ ТҰРҒЫЗЫЛАДЫ**

вация бағдарламасы әзірленді және оны іске асыру басталды. Мұнда осы аумақтарды қала құрылысын игеруге қатысуға жеке құрылыс салушы компанияларды ынталандыру және тарту көзделген.

Реновацияның бірінші кезектегі аймақтары бойынша оның жалпы ауданы 2 582 га құрайды, оның ішінде 297 га Байқоңыр ауданына, әсіресе Асан Қайғы көшесі аумағына тиесілі. Бас жоспарға сәйкес осы ауданда 5200 орынға арналған 3 мектеп, 2600 орынға арналған 11 балабақша, 2 оқушылар үйін салу, сондай-ақ жалпы ауданы шамамен 2,4 млн ш.м. болатын 96 көппәтерлі тұрғын үй кешені, 14 коммерциялық нысан, 5 дене шынықтыру-спорт кешені, 6 емхана, 3 медициналық орталық және 9 паркинг құрылысы жоспарланып отыр.

Қаланың барлық қалған аудандарында осыған ұқсас жұмыстар жүргізілуде.



## ЕЛОРДА ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

«Астана Бас жоспары» ҒЗЖИ ғимаратында қалалық Қоғамдық кеңес мүшелерінің кезекті отырысы өтті. Онда Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алтынбек Ахметов Астана қаласы Бас жоспарының негізгі бағыттарын іске асыру туралы баяндады.

#### ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ДАМУДА

Қазіргі уақытта қаланың су тұтынуы тәулігіне 330 мың текше метрді құрайды, оны жалпы өнімділігі тәулігіне 410 мың м3. болатын үш су-сүзгі станциясы қамтамасыз етеді. Бас жоспарда 2025 жылға дейін су қоймасынан сүзгі станциясына дейін диаметрі 1200 мм су құбырының екінші желісін салу және техникалық сумен қамтамасыз ету үшін «Тельман» СС кеңейту қарастырылған. 2035 жылға қарай есептік максималды-тәуліктік шығын 613 мың м<sup>3</sup>/тәул. құрайды, бұл үшін Ертіс-Қарағанды каналынан су құбыры тартылған. Қазіргі

гізінде ұсынылған. 2035 жылға қарай жылу жүктемесіне қажеттілік 5820 Гкал/сағ. құрайды, ол үшін Бас жоспарда ЖЭО-3 2-кезегі мен «Тельман» және «Оңтүстік-Бағыс» екі станция құрылысы қарастырылған. Бүгінгі таңда максималды электр жүктемесі 825 МВт құрайды, оның көздері ЖЭО-1, ЖЭО-2 және «KEGOC» АҚ болып табылады. 2035 жылға арналған электр энергиясы көздерінің есептік қуаты 1800 МВт құрайды, болашақта 110/10 кВ 14 қосалқы станция салу көзделген.

Елорданы газдандыру «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының, «Астана» АГРС-1 және «Астана» АГРС-2 іске қосылуынан басталды, олардың жалпы өнімділігі 460,0 мың м<sup>3</sup>/сағ. Бүгінгі таңда елорданы газдандырудың бірінші кезегі аяқталды. Екінші кезек ішінара іске асырылуда. Газдандырудың үшінші кезегі «Сарыарқа» магистральдық газ құбырынан АГРС-3-ке дейін ұзындығы 71,707 км газ құбырының тар-

мағын және 2025 жылға қарай өнімділігі 350 м<sup>3</sup>/сағ болатын АГРС-3 құрылысын қамтиды. 2035 жылға қарай өнімділігін арттыра отырып, қолданыстағы «Астана» АГРС-1 және «Астана» АГРС-2 реконструкциялау жоспарлануда.

#### ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАЙҚАЛУДА

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес және Бас жоспарды іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында қала әкімдігімен Көгалдандыру жарғысы және қоғамдық кеңістіктерді дамыту тұжырымдамасы қабылданды, осыған сәйкес қалада осы бағытта жұмыстар белсенді түрде жүргізіліп жатыр. Қабылданған жарғы шегінде пайдалануға енгізілетін құрылыс объектілерінің дендрожоспарларын қайта келісу жүзеге асырылуда, бұл көгалдандырылған аймақтардың саны мен сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. – Осы жылы қалада шамамен

АСТАНА ҚАЛАСЫ-  
НЫҢ АУМАҒЫ

79 733 га

2035 ЖЫЛҒА  
ҚАРАЙ ХАЛЫҚТЫҢ  
БОЛЖАМДЫ САНЫ

2 300 000

1,1 млн жасыл екпелер, оның ішінде 35 мыңнан астам ірі ағаштар, Германия питомниктерінен 2 мыңға жуық ағаштар отырғызылды. Сонымен қатар бүгінгі таңда 170 қоғамдық және аула кеңістіктерін абаттандыру бойынша кең ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. 2023 жылы абаттандырылған Қ.Сәтбаев көшесінде 32,7 мың жасыл желек отырғызылды, оның 28 мыңы нақты тамыр жайды. Елорданы көгалдандыру «Жасыл белдеудің» жалпы ауданын ұлғайту мақсатында Бас жоспарда қарастырылған. Бұл үшін осы жылы қосымша 2 700 гектар бөлінді, – деді басқарма басшысы.

Бұрып Астанада «Talan Towers» және Жасыл орам аумағында неміс питомниктерінен әкелінген ағаштар отырғызылды. Бұл ағаштар жергілікті климаттың ерекшеліктеріне қарамастан жақсы жерсінді. 2023 жылы қалада 3,7 млн шаршы метр тұрғын үй салынды. 2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 1,6 млн ш.м. тұрғын үй пайдалануға берілді. Биыл Астанада 3,8 млн ш.м. көппәтерлі тұрғын үй кешендері тұрғызылады.

Бас жоспарға сәйкес бүгінгі таңда 320 нысан жобалау сатысында, олардың ішінде жыл басынан бері құрылыс жұмыстарын жүргізуге 54 объект рұқсат алды. Жалпы ауданы 9 378 124 м<sup>2</sup> жерде орналасқан 286 нысанда, атап айтсақ, Нұра ауданында – 114, Алматыда – 86, Есілде – 69, Сарыарқада 12 және Байқоңыр ауданында 5 нысанда құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр.

#### 25 МЕКТЕП БОЙ КӨТЕРЕДІ

2035 жылға дейінгі демографиялық есептеулерді негізге ала отырып, Астанада 164 мектеп, 178 балабақша, 93 денсаулық сақтау мекемелерін салу көзделген. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігінің

ҰСБ деректері бойынша 2024 жылдың басында қалада 175 мектеп, 524 балабақша, 44 денсаулық сақтау мекемелері болды.

– Бас жоспар бойынша 2024 жылы 25 мектеп салу, оның ішінде 3 жекеменшік, 7 мемлекеттік және 15 «жайлы мектеп» тұрғызу жоспарланып отыр. «Жайлы мектеп» жобасы бойынша барлығы 90 мың оқушыға арналған 24 мектеп салынатын болады. Олардың 15-і қаланың қарқынды дамып келе жатқан Есіл және Нұра аудандарында орналасады. Сонымен, 2028 жылға дейін екі ауысымды 200 мың оқушыға арналған шамамен 80 артық мектеп салуды жоспарлап отырмыз, – деді Алтынбек Ахметов.

Бас жоспар бойынша мектеп салу үшін барлығы 183 жер учаскесі бөлінген, оның ішінде 40 мектепте құрылыс жұмыстары жүргізілуде және 143 мектептің құрылысы жобалануда. Инвесторлардың қаражаты есебінен – 16 жеке балабақша (2024 жылы – 1 балабақша, 2025 жылы – 2 балабақша, 2026 жылы – 13 балабақша), сондай-ақ 2029 жылға дейін 60 мемлекеттік балабақша салу жоспарланып отыр.

2029 жылға дейін жергілікті бюджет есебінен, сондай-ақ мемлекеттік-жеке серіктестік механизмін қолдану арқылы 15 заманауи Оқушылар сарайын салу көзделуде. Олардың біріншісі Тұран даңғылындағы «Сана» Оқушылар сарайы 2023 жылы пайдалануға берілді.

Медициналық инфрақұрылымды дамыту аясында 2024 жылдан бастап 2027 жыл аралығында 12 нысан, оның ішінде 2 перинаталдық орталық, 2 жаңа заманауи көпбейінді аурухана, олардың 1-і – балалар, 3-і мемлекеттік және 5-і жеке емхана бой көтеретін болады.

#### 5 КӨПІР САЛЫНАДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына және Бас жоспарға сәйкес «Астана Бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС қазіргі уақытта Астана қаласының көлік жүйесін дамыту жөніндегі кешенді бағдарламаның жобасын әзірлеуде. Ол 2024 жылдың желтоқсан айында аяқталады.

Басқарма басшысының айтуынша, жоба 8 модульден тұрады, атап айтқанда, 2025, 2030 және 2035 жылдарға дейінгі кезеңге стратегияларды әзірлеу; жүрдек қоғамдық көлік жүйесінің нысаналы моделі; тасымалдаушылармен жұмыс моделін және қаланың жерүсті қалалық жолаушылар көлігі нарығының реттеуші моделін жетілдіру; тұрақ кеңістігін ұйымдастыру және реттеу; қаланың қоғамдық көлік брендин нығайту; іргелес жаяу жүргіншілер аймақтарының жоспарлануын қоса алғанда, жүрдек қоғамдық көлік қаңқасының пилоттық дәлізінің көлік схемасын әзірлеу; іргелес аумақтарды абаттандыру тұжырымдамалары, паркингтерді орналастыру схемалары және көлік тораптарын орналастыру және толтыру тұжырымдамалары.

– Бас жоспарға сәйкес 2035 жылға қарай өтпе жолдарды ескере отырып, қаланың көше-жол желісінің жиынтық ұзындығы 2586 км құрайды. Қазір ол 1582,7 км. Қаланың негізгі магистралдарының жүктемесін азайту үшін бас жоспарда 5 ірі көпір салу көзделген, оның ішінде 2023 жылдың соңында әл-Фараби даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына жаңа көпір пайдалануға берілді. Сондай-ақ биыл Кенесары көшесі мен Қорғалжын тас жолы ауданында салынатын жаңа көпірді жобалауды аяқтаймыз, 2025 жылы оның құрылысын бастау жоспарланған, – деді Алтынбек Ахметов.

#### МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫ



Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

– Астана қаласы мәслихаты VII шақырылымына депутат болып сайланғанда праймериз елегінен өттік. Бұл – бұрын-соңды болмаған жүйе. Бұрын депутат болу үшін үлкен қолдаушың, тамыр-танысың болуы керек деп ойлайтынмын. Депутат боламын, өзімді көрсетемін деген кез келген қазақстандық азаматқа партия мүмкіндік берді. Сол уақытта пандемияға тап болдық. Сондықтан бізге күш-жігер қажет еді, жұрт үйлеріне қамалып отырғанда маска тағып, сайлау алды үгіт-насихат жұмыстарын жүргіздік, Аманат партиясының бағдарламасын түсіндірдік, – дейді Ләззат Мұратқызы.

Оған дейін 20 жылдан астам мемлекеттік қызмет саласында жұмыс істеген ол соның ішінде Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жүйесінде әртүрлі басшылық қызметтерді атқарды. Меритократия жүйесімен сатылап өсіп, қатардағы маманнан басқарма басшысы қызметіне дейін көтерілді. Бұл жылдар бойы жинақталған тәжірибенің мәслихаттағы қызметіне септігі тиді.

– Депутат кезімде уәделер түгел орындалды деп өтірік айта алмаймын. Бұл жерде депутаттың ұсынысы бірден орындалмайтынын түсіну керек. Жүйелі түрде, нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс істеп, бүгін бір қала тынысына жақсы жағынан өзгеріс енгізілді дейік. Бірақ түрлі әкімшілік кедергілерге, түсінбеушілікке тап боласыз. Кейбір мемлекеттік мекемелердің басшылары кері тартып тұрады. Ұсынысың бір жылдың ішінде орындалса, бұл үлкен жұмыс, – дейді Ләззат Мұратқызы.

Ол Астана қаласы мәслихаты VII шақырылымының депутаты болғанда көптеген ұсыныс айтты. Бізбен өңгімеде соның негізгілеріне тоқталды.

– Депутат болғанда әлеуметтік жағынан аз қамтылған елорданың 160 мыңнан астам тұрғынына әлеуметтік «корзина» енгізу мәселесін көтердім. Бұл ұсынысты айту үшін 3 ай дайындалдым. Түрлі заңдарды оқыдым, мекеме басшыларымен кездестім. Мәселені зерттеп, соның ішінде шетелдік тәжірибені қарадым. Шетелдерде сондай

## ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУДЕН АСҚАН АБЫРОЙ ЖОҚ

Астана қаласы мәслихаты VII шақырылымының депутаттары қысқа ғана уақыт жұмыс істесе де, екі жылдың ішінде қаладағы біраз мәселенің шешілуіне атсалысты. Осы шақырылымда депутат болып сайланған Ләззат Разбекова-Төлеуханова белсенді депутаттардың бірі болды. Қазақстан мәслихаттарының биылғы 30 жылдығына орай Ләззат Мұратқызымен сол кездегі жұмысы, елорданы дамытуға қатысты және қазіргі қоғамның өзекті мәселелері жөнінде әңгімелестік.

азаматтарға арналған арзандатылған бағамен тауар сататын арнайы әлеуметтік дүкендер бар екен. Бізде бұл жүйе бойынша «Магнум» супермаркетімен жұмыс істеуге болады екен, яғни аз қамтылған 160 мыңнан астам тұрғынға 40-50 пайыз жеңілдікпен тауар сата аламыз. Бұл үшін бюджеттен қаржы бөлу қажет емес, мұны «Магнумға» бөлінегін субсидия арқылы жасауға болады. Ұсынысымызды қала басшылығы қолдады. Бірақ мәселе республика деңгейінде қарастырылады деген себеппен әлі толық шешілмей, тоқтап тұр, – дейді бұрынғы депутат.

Бүгінде елордада балаға балабақшаға орын алу «Indigo» электронды жүйесі арқылы іске асады. Мұның енгізілуіне Ләззат Мұратқызы үлес қосты.

– Астана қаласы Білім басқармасының мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің басшысы қызметінде болғанда баланы балабақшаға орналастыруда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері көп екеніне көз жеткіздім. Сондықтан бұл жүйені автоматтандыру керектігі

жөнінде ұсыныс айттым. Сөйтіп «Indigo» электронды жүйесі дүниеге келді. Қазір бұл портал тиімділігін дәлелдеді, балаға балабақшаға жолдама беру әділ, ашық түрде өтеді. Мысалы, қажет болса, өзім осы порталсыз баланы мектепке дейінгі мекемеге орналастыра алмаймын, – дейді Ләззат Мұратқызы.

Ол осыған ұқсас электронды жүйе арқылы мүмкіндігі шектеулі адамдармен жұмыс істейтін орталықтарға рейтинг қою керек деп есептейді.

– Бұл өте тиімді болады. Сол кезде сондай адамдар қызмет алып отырған орталығына белгілі бір сандар, мысалы, 1-ден 5-ке дейін баға бере алады. «Бұл баға әділ болмауы мүмкін» дегендер де бар, сондықтан рейтингке 80 пайыз академиялық көрсеткіштерді қостық. Осылайша сол орталықтарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінен арылтып, сапасын көтереміз, бәсекелестік пайда болады. Жалпы автоматтандыру – жақсы жүйе. Сол арқылы жемқорлық жойылып, жұмыстың сапасы көтеріледі, бөлінген қаражатқа

қатысты бәрі ашық болады, – дейді Ләззат Мұратқызы.

Астана қаласы мәслихатының VII шақырылым депутаты кезінде «Артспорт» бағдарламасын көп талқылады. Аталмыш бағдарламаға қатысты біраз пікірталас туындады.

– «Артспорт» бағдарламасының енгізілуіне бірінші қарсы шыққан біздің шақырылым депутаттары болды. Бұл бағдарлама сыбайлас жемқорлыққа жол ашатынына айқын көрініп тұрды. Сондықтан дабыл қаққандардың бірі мен едім. Барлық мемлекеттік мекемелер «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы арқылы жұмыс істейді. Ал «Артспортқа» келгенде бұл заң ысырылған, яғни қызметті жеткізуге қатысты бейберекеттікке жол берілді. Оның үстіне ЖСН-да қанша сан бар, сол сияқты 1-ден 12-ге дейін сандарды енгізген, тиісті жүйе мұны ЖСН деп қабылдап, қаржыны бірден жібере салады екен. Ал бұған қыруар қаржы, нақты айтқанда, 7,5 миллиард теңгеге елорданың сол жағалауында бір мектеп салуға

кетеді. Оның жалақысы 350 мың теңгеден жоғары, – дейді Ләззат Мұратқызы.

Ләззат Разбекова-Төлеуханованың негізгі мамандығы – орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Қазір мектептерде орыс әдебиетін алып тастап, әлем әдебиетін оқыту керек деген пікір айтылып қалып жатады. Сондықтан маман ретінде осыған қатысты көзқарасын сұрадық.

– Бұл пікірді, негізінен, қолдаймын. Себебі әлем әдебиеті орыс әдебиетіне қарағанда ауқымды ғой. Бұл – Шекспир, басқа да әлем классиктері. Сондықтан әлем әдебиеті ой-өрісімізді кеңейтеді. Бірақ бағдарламасын жасағанда мұқият болу қажет, бейнелеп айтқанда, жеті рет өлшеп, бір рет қана кесу керек, – дейді бұрынғы депутат.

Астана тұрғындарының қарқынды артуына байланысты жаңа міндеттер қойылып, жүзеге асырылып жатыр. Бұл істе қалалық мәслихаттың да үлесі зор.

– Елорда саяси тұрғыдан, экономикалық жағынан да өрлеп, Орта Азиядағы дамып жатқан астананың бірі де, бірегейі деп айтсақ, артық емес. Биыл қалалық Білім басқармасының бастамасымен қалада көп мектеп ашылады. Мұндай бұрын-соңды болмады. Біз мәслихат депутаты кезімізде бір жылда 12-15 мектеп ашылса, биыл қала әкімінің қолдауымен 35 мектеп ашылайын деп отыр. Бұл жағдай мені қуантады. Бүгінгі мәслихаттың құзыреті күннен-күнге артып барады. Қазір мәслихат депутаттары әкімдерді тағайындайды, ал депутаттарды халық сайлайды. Егер депутаттың жұмысы ұнамай жатса, халық тарапынан мандатты кері қайтарып алатындай мүмкіндік те бар. Мерейтойлық жылда менің тілегім – мәслихат депутаттары халықтың талабына сай болсын! Бұл – өте маңызды. Мандатқа ие болу бір басқа да, бірақ соған сай халыққа қызмет жасау, мандатты ұстап қалып, халықтың алғысын алу – мүлдем басқа мәселе. «Халық құдайдың бір аты» дейді, одан асқан абырой жоқ. Жалпы көпшілікке жақсылық істесен, ол өзіне қайтады екен. Мұны ұмытуың мүмкін, бірақ бұл өзіне, ұрпағына оралады. «Ұрпағымен жарылқасын» деген осы екен ғой.



## ДЕПУТАТТАР ДОДАСЫ

Парламент Сенаты мен Қазақстан шахмат федерациясы Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығына орай шахматтан Senat Open ашық кубогын ұйымдастырды. Оған облыстық және республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттарының барлық шақырылым депутаттары, Қоғамдық кеңестердің мүшелері, БАҚ өкілдері қатысып жатыр. Турнирдің жартылай финалды ойындары Қарағанды қаласында өтті.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың хабарлауынша, жартылай финалда іріктеу жарыстарынан өткен 75 үздік ойыншы сайысқа түсті. Соның ішінде 25 шахматшы

Астанадан болды. Жартылай финалдың қорытындысы бойынша 12 астаналық финалға шықты. Ең үздік нәтижені астаналық шахматшы Қайрат Құрманғалиев көрсетті. Жалпы республикалық

есепте Астана командасы әзірге екінші орында тұр.

Келесі тамыз айында елордада Senat Open ашық кубогының гранд-финалы өтеді. Үздік шыққандар сол кезде сайысқа түседі.

## КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ БАСТАЛДЫ

Астана қаласының әкімдігі мен елорда мәслихаты әзірлеп бекіткен «Астана қаласының денсаулық сақтау саласын дамытудың кешенді жоспары» аясында №3 көпсалалы қалалық аурухананы күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Бұл туралы қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов хабарлады.

Төраға бастаған қалалық мәслихат депутаттары, Қоғамдық денсаулық сақтау және Құрылыс басқармаларының өкілдері тиісті жұмыстың барысымен танысты. Медициналық мекеме басшылығымен кездесіп, әңгімелесу барысында нысанға қосымша алаңдардың қажет екенін білді.

Ерлан Каналимовтың ай-

туынша, бүгінгі таңда көптеген палаталарда жатқан адамдар шамадан асып кеткен. Яғни, екі пациенттің орнына палатада бес адам жатып, ем қабылдауда. Диагностикалық бөлімнің, гинекология және қан тамырлары хирургиясы бөлімдерінің қабылдау бөлімдерін ашу үшін 5 мың шаршы метрді құрайтын жапсаржай

салынып жатыр. Бірақ бұл азық етеді.

«Айтылған мәселелердің бәрін мәслихат отырыстарында қарастырамыз. Мердігерлер мен аурухана басшылығына іргелес аумақты абаттандыруға, көгалдандыруға, жарықтандыруға және кірме жолдарды салуға ерекше назар аударуды тапсырдым» деді Ерлан Каналимов.



Жылына бір келетін жаздағы жұмыс демалысын жанға жайлы әрі қолжетімді бағада өткізгенді бәрі де қалайды. Қауырт тірліктен алыстап, бой жазып, күш-қуат жинап келуді ойлайтын қазақстандықтар арасында шетелге жылда, тіпті жиі баруға жағдайы жететіндер де бар, ал жетпейтіндері олардан көп. Сол жетпейтіндері немесе «өз ақшамыз өзімізде қалсыншы» деген патриоттық сезімі бар жандар отандық туризмді таңдағанда, керісінше, ел ішіндегі қызмет құны өзге елге саяхат бағасынан көтеріңкі, ал сапасы әлдеқайда төмен болып шығады. Сөйтіп «одан да сол ақшаға неге дұрыстап демалып, әрі шетел көріп келмеске» деп шешім қабылдайтындар көбейеді.

## ЕЛДЕГІ ДЕМАЛЫС ПА, ШЕТЕЛГЕ САЯХАТ ПА?

Райхан  
РАХМЕТОВА

Олх сайты сарапшыларының деректері бойынша қазақстандықтардың көбі сыртқы туризмге 1 млн теңгеден аспайтын соманы, ал ел ішіндегі демалысқа 300 мың теңгеден көп емес ақшаны жұмсауға дайын. Сауалнама нәтижесінде оған қатысушылардың 25 пайызы Қазақстанда демалатынын, ал 17 пайызы шетелге баратынын айтқан. Шетелге бармайтындардың 83 пайызы жазда елді туристік жолдамамен аралағанды жөн көрген. Ал шетелге кетуді көздегендердің 40 пайызға жуығы Түркия, БАӘ, Египет және Таиланд елдерінде демалуды таңдаған. Ел ішіндегі туристер көбіне Алакөлге, Бурабайға, Балқашқа баруды жөн санайды.

Бытыр Қазақстандағы қонақ үйлерге 515,9 мың турист келген. Бұл – өте төмен көрсеткіш. EnergyProm сарапшыларының мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстандағы ішкі туризмнің дамуын тежеп тұрған мәселе – инфрақұрылымның жоқтығы. Жолдан да басқа мәселесі көп туризм саласына бөлінген қаржы да оларды шешуге әсер ете алмай отыр. Бұған туристік қызмет көрсететін субъектілердің талаптарды сақтауын мемлекеттік органдар тарапынан жүйелі бақылаудың жоқтығы бір себеп. Осы орайда сарапшылар туристік қызметтерді цифрландыру мен интернеттің әлсіздігін, негізсіз бағасын көтере беретін қонақ үй инфрақұрылымының жеткілікті деңгейде дамымай отырғанын сынға алады.

### БАҒАҒА САПА САЙ ЕМЕС

Толып тұрған жарнамаларға көз салсақ, Алматыдағы санаторийлердің бірінде 7 күнде демалуға 800 мың теңгеден көп ақша сұрайды. Бұл қаржыға ыңғайлы сәтті аңдып отырып, Мальдив аралдарына жеңілдікпен жолдама сатып алуға болады. Оған ұшақ бағасы, сақтандырудан бөлек, үш мезгіл тамағы да кіреді. Мұндай жағдайда елдің көбі шетелде демалу нұсқасын таңдайтыны айdan анық.

Елорда маңындағы Жібек жолы ауылында орналасқан мейрамхана – қонақ үй кешенінің коттеджіндегі екі адамдық стандарт бөлмені бір күнге жалдау бағасы – 30 мың теңге, бұған таңғы ас кірмейді, бассейні демалыс күндері ересектерге – 10 мың, балаларға – 6000 теңге, беседкалары 6 адамдық түрі 6 мың теңгеден келеді. Осы кешеннің тек бассейніне барған елордалық Гүлбану

Әниятқызы қызмет сапасына көңілі толмағанын айтады.

– Астана іргесіндегі бассейн. Бағасы удай. Үш бассейн бар деген. Біреуі осы, біреуі істемейді, тағы біреуі кішкентай ғана бірдене. Асханасы да онша емес, бағасына татымайды. Көрші үстелдегілер пиццасы шикі деп қайтарып жатты. Ееех, қашан тек ақша табуды ғана емес, жақсы қызмет көрсетуді де үйренер екенбіз, – деп жазады ол өз инстаграм парақшасында. Бытыр осы аталған екі қалаға 600 мыңнан астам турист келіпті. Соның ішінде 220 мың турист елордаға ат басын бұрған.

Қазақстандықтар ең жиі баратын үш ел – Түркия, Египет, БАӘ-де шетелдік туристердің ағынын реттеп қана қоймай, осы салада баға саясатына ықпал ете алатын арнайы министрліктер немесе басқармалар жұмыс істейді екен. Бізге де осындай бір реттеуші мекеме керек-ақ. Әйтпесе, қазіргі таңда елдегі туризм саласы жүйелі даму жолына түсе алмай, қордаланған мәселелердің шешімі табылмай отыр. Тағы бір мәселе – отандық туризм бойынша қонақ үйлерде тұру қымбат әрі қашықтан брондау мен төлем жасау мүмкіндігінің жоқтығы шетелдік туристердің ағынын азайтуға әкеп соғады.

Шетелдегі демалыстың сапасы жақсы болғанмен, бағасы да соңғы уақытта артып келеді. Мәселен, түрлі саяси жағдайларға байланысты, инфляцияның күшеюі, азық-түліктің қымбаттауы және ресейлік туристердің ағылып келуінен бытыр Түркиядағы саяхатқа жолдамалар қымбаттап кеткен. Қазақстандықтар биыл бұл елдегі демалыс арзандай ма деп үміттенген еді. Бірақ қазіргі сәтте Анталияда екі адамның демалысы 1 млн теңгеден басталады. Ақша көп шығындамай демалатын жердің бірі – Египет, бұл елге бытыр 14,9 млн турист саяхаттаған. Теңіз көріністері, тәулік бойына үзілмейтін дәмді асханалары – елдегі саяхаттың басты артықшылығы. Египетке екі адамдық саяхат 9 күнге 750 мың теңгеге шығады. Ал Дубайда 769 қонақ үй бар.

Соның 300-ден астамы ғана 4 және 5 жұлдызды, қалғандары – бюджеттік апартаменттер. Маусымның басында БАӘ-не екі адамға жолдама 730 мың теңге болған. Бұл да Қазақстандағы демалыстан әлдеқайда тиімді.

### ОТАНДЫҚ ТУРИЗМ ОҢАЛА МА?

Отандық туризмді дамыту мәселелеріне биыл Үкімет басшысы Олжас Бектенов арнайы отырыста тоқталды. Ол Жетісу, Атырау, Қарағанды, Павлодар, Ақмола, Батыс Қазақстан облыстары туристік әлеуетін жүзеге асырмай отырғанын сынға алды.

– Шығыс Қазақстандағы туристік нысандар мен Алакөл, Балқашта сапалы жолдар мен кіреберіс жолдар, көрнекі орындар жанында автотұрақтар, кемпингтер мен демалыс орындары жоқ. Туристер демалыс аумағының көрінісі сұрықсыз екенін, жайлылық пен қарапайым санитарлық тазалықтың жоқтығын алға тартады. Мұның бәрі еліміздің беделін түсіруге

әсер етеді. Туристік аймақтарда инфрақұрылымды дамытып, инвесторлар үшін қолайлы жағдай туғызу керек, – деді ол.

Сонымен қатар ол нарықтағы бәсекелестіктің төмендігі туристік бизнес өкілдерін сервисті жақсартуға ынталандырмайды, керісінше бағаны одан сайын көтеруге ықпал етеді деді. Туризмді ұйымдастырушылар жергілікті халық бәрібір демалуға келеді деп қызмет сапасын арттыруға талпынбайды да. Сонымен бірге қазақстандық такси жүргізушілерінің мәдениетсіздігі беделімізді түсіріп отыр, олар Қазақстанға енді жеткен туристерге тиісіп, одан қалды таксимен жеткізу құнын екі есе көтеріп жібереді. Ел ішінде де азаматтар әдемі орындарға жетуде ұйымдастырылған көліктердің жоқтығынан ішкі туризм дамымай отыр. Осыған орай Үкіметте елдегі кіші авиацияны реттеу ұсынылды. Бұл міндетті О.Бектенов көлік министрі Марат Қарабаевқа тапсырды.

Қазақстандағы туризмнің оң жақтары дегенде көбі елде тамақтану орындарының

көптігін, туристердің топырлап жүрмейтінін, халықтың қонақжайлылығын айтады. Дегенмен кемшіліктері бәрібір артықшылықтарынан басым түседі. Соның ішінде ең бірінші кезекте айтылатын кемшілік – қызмет сапасына бағасының сай келмейтіні. Одан кейінгі орында лас орындар, жолдың нашарлығы, қоғамдық әжетханалардың жиіреністі түрі, қызмет көрсету сапасының төмендігі айтылады. Мұндай мысалдар еліміздің қай жерінде болмасын туристік нысандарға байланысты жиі сөз болады.

### ӘЖЕТХАНА МӘСЕЛЕСІ ӘЛІ БАР

Мәселен, әжетхана мәселесі Астана мен Зеренді демалыс аймағы арасында бар екеніне жақында өзіміз де куә болдық. Демалыс аймағына жеткенге дейінгі 4,5 сағаттық жолда автобус екі рет тоқтайды, аялдаған жерлерде бір заманауи және бір кірпіштен соғылған сырттағы әжетхана бар. Жазда ерсілі-қарсылы ағылған ел осы

жерге тоқтайтындықтан, адам қарасы көп. Олар ұзын-сонар кезекке тұрып, әжетхана есігін күзетіп әлек болды. Ал уақыты мен шыдамы жетпегендер сол тұстан әрірек тұрған орман арасына барып, қажеттілігін өтеуде. Нағыз табиғи таза орын саналатын орманның бергі шетіндегі бұталар арасы нәжіс сасып, қағаздан көрінбейді. Кірпіш әжетхананың да айналалы мұңкіп, жиі тазаланбайтыны аңғарылады. Ал қол жуатын, нәжісті ағызатын суы бар жабық әжетхана тек бір орындық. Әжетхана мәселесі шешілмей, мұндай көріністер басқа да нысандарда қайталан беретіні анық. Бұл – ешбір елде туристер тартпақ түгілі, оларды енді келместей ететін жағымсыз жайттар.

Үкімет деңгейінде бұл мәселелер қаралып жүр. Отандық туризмді дамыту үшін ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №262 қаулысымен ҚР туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Сол құжатта инфрақұрылымды дамытуға, инвестициялық әлеуетті кеңейтуге, көліктік қолжетімділікті арттыруға бағытталған шаралар кешені іске асырылатын болады. Сонымен қатар туристік қызметтер мен өнімдердің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға, қолайлы туристік жағдай жасау көзделді. Тұжырымдаманы іске асыру қорытындылары бойынша 2029 жылға қарай ішкі туристер санын 11 млн адамға дейін, келуші туристер санын 4 млн адамға дейін, қонақ үйлерді «eQonaq» ақпараттық жүйесімен қамтуды 100 пайызға дейін ұлғайту жоспарлануда. Мәселелерді түгел қамтыған құжаттың орындалу сапасы қандай болары – уақыт еншісіндегі жайт. Әзірге жоғарыдағы келесіздіктерге бұған дейін күә болып, көңілі қалған ел бірдене қып ақша жинап немесе несие алып барса да демалыста шетел асып кетуді көбірек ойлап тұр.



– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында мемлекеттік басқару мен кадр саясатын басты мәселе ретінде белгіледі. Мұның себебі неде?

– Өркениетті елдерде мемлекеттік қызмет саласын реформалау тұрақты сипатқа ие. Яғни әкімшілік және мемлекеттік реформалардың негізі ретінде қарастырады. Әлемде үздік басқару жүйесі бар елдердің рейтингінде Дания, Финляндия, Норвегия, Швеция, Жаңа Зеландия, Нидерланды және Швейцария көш бастайды десек, ондағы халықтың өмір сүру деңгейі жоғары. Мұның бәрі мемлекеттік қызмет саласының сапасына тікелей байланысты.

Ескі Қазақстан тұсында өзіне сеніп тапсырған саладағы олқылықтар үшін жауап бермейтін, орталықтағы топ-менеджерлік қызметінде кемшілік болса, өңірлердің тетігін ұстап, ондағы қызметін өз деңгейінде атқара алмаса, қайтадан орталық органдарда басшы болып, ақыр аяғы тергеуге түсіп, елден қашып кеткендерді көз көрді. Мұның салқынын әлі сезініп келеміз.

Қазір «менеджер» басшылар саусақпен санарлықтай ғана. Олардың өзін «уақытша жұмысшы психологиясы» бар топ-менеджерлер деуге болады. Бұл ведомстволық және өңірлік деңгейде мемлекеттік қызметшілердің кәсіби сапасының төмендеуіне әкелді.

Рас, қазір орталық және жергілікті атқарушы органдарда кәсіби кадрларға сұраныс артты. Осыны сезінген мемлекет кадрлық реформаны жүргізіп, «кадрлық резерв» арқылы мәселені шешуге бел буды. Бұған практикалық және өмірлік тәжірибесі аз «Болашақ» бағдарламасының түлектері тартылды. Бұл бастама сәтті болды дей алмаймыз.

Қазір жақсы мамандар мемлекеттік қызмет саласынан кетуде. Саланы ілгерілетуге жауапты басшылар өзі басқаратын бағытты терең білмейді. Бұл «командалық тәсіл» сияқты басқару тәсілі пайда болған кезден қалыптасты.

Адамдардың қызметтік баспалдақпен өсуінде «командаға адалдық» пен «саяси байланыс» негізгі мәнге ие. Соның салдарынан өз лауазымына сай келмейтін шенеуніктер армиясы қалыптасып, өңірлердің, қала берді, тұтас елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсер етті. Мұның залалын қарапайым халық әлі күнге дейін сезініп келеді.

– Мәселені шешу жолын қалай бағамдайсыз?

– Басшылардың тиісті саланың жүгін көтеретін жауапкершілігіне, өз бетінше шешім қабылдай білетін лидерлік қасиетіне баса мән берген дұрыс.

Яғни кадрдың біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, азаматтық қабілет-қасиетіне, шешім шығару дағдысын есепке алу керек. Ескі Қазақстан іске асырған реформалар кезеңінде



# БАҒДАРЛАМАЛАР БАЯНДЫ БОЛСЫН ДЕСЕК...

Мемлекеттік басқару органдарында түрлі қызмет атқарған, Парламент Сенатының VII шақырылымында депутат болған, ғалым Еділ МАМЫТБЕКОВТЕН сұхбат алдық.

кеткен қателіктерден сақтануға тиіспіз.

Тек жас кадрлар арқылы міндеттерді шешу қиын. Еңбек заңнамасына зейнеткерлік жастағы адамдарға ерікті зейнетке шығуды таңдау құқығын беретін норманы енгізген абзал. Әсіресе мемлекеттік қызмет саласында табысты еңбек еткен тәжірибелі тұлғаларға осы норманың сақталғаны дұрыс. Сонда тәлімгерлік институты жас мамандардың игілігіне жұмыс істер еді.

– Тәуелсіздік пен нарықтық реформалардың қиын жылдарында Қазақстанның ғылыми мен адами капиталы, өкінішке қарай, ұзақ уақыт керексіз болды. Ғылымсыз өркендеудің жолын табу мүмкін емес деген түсінік енді қалыптаса бастады. Ғалым ретінде айтыңызшы, ғылымды дамытудың, мықты инженерлерді дайындаудың жолы қандай?

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шешімімен Білім және ғылым министрлігі екі мамандандырылған ведомствоға бөлінді. Сөйтіп, білімнің де, ғылымның да алдына жаңа міндеттер қойылды. Ең бастысы, Президент инженерлік-техникалық кадрларды даярлауға ерекше көңіл бөліп, шетелдің үздік техникалық университеттерінің филиалын ашуды тапсырды.

Елдің индустриалды-инновациялық бағытта дамуында инженерлік-техникалық кадрлардың білім-білігі мен қабілет-қарымына байланысты. Болашақ инженер-техник кадрларды даярлау мектептен басталуы керек.

Озық елдерде білім мен ғылым зияткерлік әлеуетті қалыптастырудың негізі болып табылады. Одан зияткерлік капитал алынады.

Ғылымды дамытуда жүйелі қозғалыс, тың көзқарас керек. Меніңше, орта білім беру жүйе-

сі – білім беруі керек, жоғары білім беру жүйесі – ел экономикасына қызмет көрсетіп, кадрлар даярлауы керек, ғылым – ғылыми-техникалық прогресті қамтамасыз етуі керек. Өкінішке қарай, қазір тиісті басшылар мұны әлі толық түсінбейді, ал шенеуніктердің ақылға қоныссыз эксперименттік реформасы саланы дамытудың орнына тығырыққа тіреді.

Нарықта сұранысы жоғары мамандықтарға білікті кадр дайындайтын бұрынғы тиімді жүйе күйреді. Ал ғылым, әсіресе іргелі ғылым инновациялық негізде өндірісті әртараптандыруды жеделдететін драйверге айналған жоқ.

Біздің елде өзіндік бірегей жаңалығымен аты шыққан ғалымдар бар. Бірақ олардың патенттік өніміне, ғылыми жаңалығына сұраныс жоқ, сосын шетелдің компаниялары сатып алады. Сонымен бірге кейбір ғалымдарымыз шетел асуда. Ғылымды коммерцияламай, ғылымды жетілдіру қиын.

– Еділ Құламқадірұлы, ғылымның қоғам дамуындағы мызғымас рөлін қашан, қалай түсінеміз?

– Кеңестік кезеңде үш ғылыми сала – академиялық, өндірістік және университеттік ғылым бір-бірімен үйлесіп, бірін-бірі толықтырып отырды. Бұл өз кезегінде экономиканың барлық саласының ілгерілеуіне оң әсер етті. Осыдан айырылып, ғылымды дамытудың стратегиясы мен тактикасын біртұтас басқаруды жүйелей алмай келеміз. Соның салдарынан ғылыми институттар мен зертханалар өз бетімен басталуы керек.

Проблемаларды шешудің нақты қадамын былай түйіндеймін:

Біріншіден, ғылыми өмірге ғылыми күштерді өндірістік процестерге белсенді және жемісті тарту механизмін енгізу керек деп есептеймін. Бұл

жерде ештеңе ойлап табудың қажеті жоқ, өйткені, әлемдік тәжірибеде ғылымды өндіріспен біріктірудің ұқсас механизмі бұрыннан әзірленген және сәтті қолданылады. Бұл – Ұлттық инновациялық жүйе (ҰИЖ).

Қазақстанның 2003-2015 жылға арналған индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы мемлекеттің экономикалық саясатын қалыптастыра отырып, ел экономикасының шикізаттық даму бағытынан арылып, өңдеуші өнеркәсіптерді дамыту жолымен экономика саласын диверсификациялау жолымен тұрақты даму жолына қол жеткізуді көздеді. Бұл жоба ғылым мен инновацияны өндіріспен байланыстырып, экономиканы әртараптандыруы керек еді. Бірақ мақсат толық орындалмады.

Одан кейін де экономиканы әртараптандырып, орта және шағын бизнес саласын ілгерілетуге арналған талай бағдарлама қабылданғанымен, сәтсіз аяқталды. Неге десеңіз, ғылыми негізі әлсіз, тек қаржыны мақсатсыз игеру жағы басым болды.

– Бір мақалаңызда өңірлердің проблемасын шешу Астанадан басталады дедіңіз. Мұны қалай түсіндіріп бересіз?

– Соңғы бес-алты жылда мен еліміздің көптеген аймақтарын аралап шықтым. Бірінші кезекте халықтың өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатының жағдайы көзге қатты түседі. Егер сіз әлемдегі ең бай елдердің шикізат ресурсының мүмкіндігін ескерсеңіз, біздің елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай соларға жақын болуы керек екенін түсінесіз. Үкімет пен әкімдердің есептері мен өңірлердегі нақты көрініс арасындағы айырмашылығы жер мен көктей. Мұның себебі неде?

Өтпелі кезеңдерде көптеген ресми құжаттар қабылданды. 2010 жылға дейінгі өңірлік

гіне байланысты бірыңғай ақпараттық база құрылмай, деректер әртүрлі сипатқа ие болды. Бұл бағдарламаларды тиімді жоспарлауға және іске асыруға кедергі келтірді, әсіресе тиісті қаражат бөлу туралы сөз болғанда.

– Өңірлер арасында экономикалық алшақтық көп дейсіз. Шынында солай ма?

– Дұрыс айтасыз, Қазақстан өңірлері арасындағы алшақтық жылдан-жылға қысқарудың орнына, 1999 жылы 6,6 еседен 2022 жылы 12 есеге дейін өсу үдерісіне ие. Егер 2012 жылы халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай кіріс деңгейі бойынша алшақтық 3,8 есеге жетсе, 2022 жылы 4,13 есеге өсті.

Жан басына шаққандағы орташа ақшалай табыс пен күнкөріс деңгейінің арақатынасы тұтыну шығындарының жеткіліктілік дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Осы арақатынас бойынша алшақтық азайып бара жатқанына қарамастан, жекелеген жылдары бірқатар өңірлердегі (Алматы, Жамбыл және Түркістан облысы) кірістер тіпті ең төменгі күнкөріс деңгейіне жетпеген еді. Сонымен қатар, кейбір өңірлерде (Атырау, Маңғыстау облыстары, Астана, Алматы және Шымкент қалалары) кірістер күнкөріс деңгейінен үш еседен асып өтті.

– Мұның негізгі себебі неде? Тарқатып түсіндіріп берсеңіз.

– Қазақстанда өңірлердің экономикалық даму деңгейлерін теңестіру үшін алғышарт жасалмағанын атап өтуге болады. Өңірлік саясатты жүргізу шеңберінде қабылданатын тұжырымдамалық және бағдарламалық құжатта өңірлердің экономикалық және әлеуметтік даму деңгейін теңестірудің нақты тетігі мен құралын әзірлеу бойынша өзекті міндеттер жоқ. Бұл жағдайда жалпы әлеуметтік саясаттың тиімділігі туралы айтудың қажеті жоқ. Тиімсіз аймақтық саясаттың салдары, бір жағынан, әлеуметтік шиеленістің өсуіне әкелуі мүмкін. Халық реформалардың игілігін көрмесе, бұл наразылықтың өсуі детонаторы болады. Адамдар өздерін назардан тыс қалып, әділетсіздік күйін сезінуі мүмкін.

Екінші жағынан, көші-қонды күшейту мәселесі туындайды. Халық жақсы мүмкіндікке қол жеткізу мақсатында дамыған аймақтарға немесе тіпті шет елдерге көшуге ұмтылады, бұл теңгерімсіздікті күшейтеді және кейбір аймақтарда қосымша проблемалар туындайды.

Үшіншіден, инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы және өмір сүру деңгейінің төмендеуі еңбек өнімділігінің өсуіне ынталандыруды айтарлықтай төмендетіп, әлеуетті инвесторларды үркітуі мүмкін. Мұның бәрі экономикаға кері әсер ететіні сөзсіз.

Сұхбаттасқан  
Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

## ЖАСТАР ЖАСАҒЫ ЖАЛҒАСТЫРДЫ

Астанада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экологиялық акциясы жалғасып жатыр. Экоакция аясында «Жасыл ел» еңбек жасақтары қатарындағы елордалық жастар Байқоңыр ауданының «Өндіріс» тұрғын алабының аумағында тазалық жұмыстарын жүргізді.

Акцияның мақсаты – қаланың экологиялық жағдайын жақсарту, тазалықты сақтау және әр алауда тазалық пен тәртіпке саналы көзқарас қалыптастыру. 100-ден астам жас блоггерлер (жүгіруді қоқыс жинаумен біріктіретін экологиялық қозғалыс) қоқыс жинаумен біріктірді және шамамен 1 тонна қалдық жинады.

Ал еріктілер биыл қаланың экологиялық акцияларына белсенді қатысатын «Жасыл ел» еңбек жасақтарының XX маусымы басталғанын және оған қатысуды азаматтық борыш деп білетінін айтады.

– Экологиялық акцияларға қатысу мен өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Осындай іс-шаралардың арқасында

біз қаланың дамуына үлкен өзгерістер енгізіп жатырмыз. Мұндай акцияларға қатысу әлемді болашақ ұрпаққа жақсырақ қылып аманаттау үшін ғана емес, бұл қоғамдық санаға әсер ету және әркімнің табиғатты қорғауға өз үлесін қоса алатынын көрсету тәсілі болғандықтан маңызды, – деді «Жасыл ел» еріктісі Ерлен Оспанов.

Ауқымды экоакция аясында қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық кәріздерін тазарту, көшелерді, тротуарларды, орамшілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмыстары жүргізілуде.

Іс-шара Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының, Байқоңыр ауданы әкімі аппаратының және «Республикалық студенттік құрылыс және жастар жасақтары қозғалысы» қоғамдық қорының қолдауымен өткізілді.



№88 (4676) 25/07/2024 Бейсенбі

## МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН

Соңғы жылдары хандардың ханы Жошы ханның тұлғасына көп көңіл бөлініп келеді. Күллі қазақ хандарының атасы болған бұл тарихи тұлғаның орны ерекше. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев құрылтай шақырып, ата дәстүріміз бойынша күллі қазақтың жақсы-жайсаңдарын Ұлытау төріне – Жошы хан жатқан киелі өңірде бастауы тегін нәрсе емес. Халық тағдырына бетбұрыс жасаған, тарихты өзгерткен үлкен тұлғаның біреуі – Жошы екені даусыз ақиқат. Демек Жошы туралы жаңа шығармалар жазылып, көркем фильмдер түсіріліп, қазақ халқының мемлекеттілік тарихының тереңде жатқанын білдіру – ұрпақ парызы болмақ.

## «ЖОШЫ ХАН» – ТАРИХ САХНАСЫНДА

Ұлы ханның айрықша болмысын, дара қабілетін суреттеген кесек шығарма – жазушы-драматург Думан Рамазанның «Жошы хан» драмасы. Бұл туындыны 2024 жылғы Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығына үміткер шығармалардың арасындағы салмағы жағынан, құндылығы жағынан және маңыздылығы жағынан шын бәсекеге лайықты һәм жеңіс тұғырынан көрінуге тиіс шығарма деп есептейміз.

«Жошы хан» драмасының идеясы қазақ даласындағы түркі тайпаларын бір ұлысқа біріктіріп, Ұлытауда ордасын тіккен, Қазақ мемлекеттігінің негізін қалаушы – Жошы ханның образын ашуға арналған. Десе де тарихтан белгілі болғандай, шығармада қан шеңделген туса да, туған бауырын оққа қиса да, жарты әлемді қаһарымен жасқаса да, Шыңғыс ханның алдымен қаталдығы мен қайырымы астаққан әке, кешегі мен бүгінгі, ертеңі де кеңінен ойлар тула, қаһармандық пен сатқындықты безбендеп парасатты пайымға салар билеуші екенін ұқтырады.


Ұлттық мемлекеттігіміздің алтын дәуірі болған Жошы ұлысының негізін қалаушы, хандардың атасы Жошы тағдырына арналған драма тартысқа толы. Ол өз иелігіне берілген Ертіс өзенінен Орал тауына, оңтүстіктен Каспий теңізі мен Арал теңізіне дейінгі жерлер, Сырдария аймағы, Қойлық пен Сақасыннан Бұлғардың шетіне дейінгі Қыпшақтың кең даласына өз әмірін жүргізеді. Сартауыл жорығы кезінде Үргенішті алу үшін көзқарастар қайшылығы Жошы тұлғасын даралай бастайды. Драмада жас болғанына қарамастан, Жошы ханзиданың бейнесі керемет айшықталған. Ол – ұлысын қайырым-мейіріммен, ақылмен басқарған, халқына пана, қорған бола алған айбынды қолбасшы, ел билеу ісіне келгенде, тіпті, әкесінің кей көзқарасымен келіспейтінін ашық айта алатын өткір мінезді қайсар, жаужүрек тұлға ретінде сомдалған.

«Жошы хан» драмасында динамика бар екен, – деп жазады журналист Н.Қабилбек, «динамика бар жерде шынайылық пен шеберлік ұштасары анық. Актерлердің шеберлігі де көзге бірден шалынады. Көрерменді баурап алып, бұлшыңғыр гасырдың бұралған жолына жетелей жөнеледі. Әр актер өзіне бекітілген образды әдемі аша білген. Тартымды. Диалогтар көп сөзділіктен ада. Нақтылық бар. Талас-тартыс үстіндегі одағай сөйлемдер де жамырап кетпейді. Көрерменді жалықтырып жіберер монологтар мүлде жоқ. Аз сөзбен көп ой айтуға талшыныс байқалады. Бұл шиеленіске толы драманың ауа жайылып кетпеуіне, құрылымның құлдырамауына кәдімгідей көрік беріп тұр».

Сарайдағы сан алуан интрига, астыртын ымдасулар мен күдік-күмәнге толы ойлардың қалқып шығуы драма тартысын күшейте түсті. Ақыл-парасаты мен күш-қайраты, ең бастысы гуманистік адамгершілігі тұрғысынан Шыңғыс қағанның өзге үш ұлынан Жошының алапаты асып тұр. Алайда оны әр қадам сайын «шақырылмаған қонақ» деп бетіне басып отыруы драманың өн бойында жүреді.

Әрбір сөз сөйленіп қана тұрған жоқ, ол сөз жүрек болып соғып, бойына қан жүгіріп, тіріліп тұрады. Әрбір қимыл шашаусыз, артығы жоқ, өз орнымен, өз уақытымен өтеді. Әрбір ойын әбден дайындалып, бабына келгенде басын жіберген бәйге аттарындай ығырылып, алма-кезек ауысып, визуализациямен астасып жүреді.

Драма авторы Думан Рамазанның шығармашылығын бақылап келе жатқан әдебиет сыншысы ретінде пьесаның ұлттық бұлқыныстан, таптаурын болған тақырыптардан қашып, өз бетінше ізденуінен, тың жол табуынан туындаған кеп екенін байқап отырмыз. Туған әкесі мен бауырларының сенімсіздігі арқасына аяздай батқан Жошының сезімталдығы,



жалғыздығы бізді көп ойларға жетеледі. Әрқилы көзқарастардың тас-талқанын шығарып, тарихымызды жылжытып қана қойған жоқ, баяғы замандарда болып, біраз уақыттарда өшіп қалған ерлігімізді, рухымызды, өрлігімізді қайта тірілтіп отыр.

«Бұл шығарманы жазуда негізінен философия мен ойға құрдым. Көбінесе іс-әрекет пен қимылға емес, астарындағы ойға, көрерменнің санасына жететін ойға баса мән бердім. Сондықтан пьесаны сахналамас бұрын режиссермен келісіп алдым. Сахнада атыс-шабыс, соғыстан гөрі қазаққа, ұлтқа қажетті ой айтайық дедім. Болат Ұзақов та мені толық құптады. Халыққа рухани нәр беретін ерекше туынды жасағымыз келді. Енді шын бағасын көрермен берер» дейді Д.Рамазан.

Драматург пен режиссердің ортақ тіл табысуының арқасында «Кенесары – Күнмжан» драмасынан соң «Абылай ханның арманы» сахнаға шықса, Әскеменде марқұм Сахан Әкелеев басты рөлді сомдаған «Керей – Жөнбек хандар» спектаклі қойылған болатын. Өнер ортасы, көпшілік қауым, жалпы жұртшылық бұл қойылымдарды ыстық ықыласпен қарсы алғанына куә болған едік.

Сондықтан осы ұштаған тандем (драматург-режиссер-театр) тарихи сананы қалыптастыруда, бүгінгі ұрпақ жадына көркем өнер арқылы дарытуда өлшеусіз еңбек сіңірді деп білемін. «Театр – күрделі интеллектуалдық гармониядан тұратын, үш жақтан бірдей қиыннан қиысқан сахналық өнер» деп жазған екен Сағат Әшімбаев. Қойылым кейіпкерлеріне айналған алыптардың есімінің өзі-ақ осы интеллектуалдық гармонияның қандай болғанын айтып тұр емес пе?

«Жошы хан» – «қазақ мемлекеттігі жоқ», «оның тарихы да болмаған» деген суық та жат көзқарастарға жауап. Соңғы жылдары елімізде үлкен мемлекеттік деңгейде Жошы тұлғасы ұлықталып жатыр. Президенттің Ұлытау облысын ашуы, алғашқы құрылтайды Ұлытау төрінде өткізуі сияқты ірі оқиғалардың қатарына оның осы «Жошы хан» спектакліне барып, көріп, қойылым туралы жылы пікірін білдіруін жатқызуға болады. Бұл – әлем қауымдастығына, әсіресе көршілес алпауыт елдерге берілген белгі. «Қазақтың тарихы тереңде», «Біздің бабаларымыз үлкен империя құрған», «Қазақ мемлекеттігі Жошы ұлысынан басталады» деген ұстаным.

Осылайша «Жошы хан» тарихи драмасы тақырып жаңашылдығымен, тәрбиелік мағынасымен, ұлттық рухты асқақтата көтеруімен көңіліміздің төрінен орын алды. Жаңа ізденіс, жаңаша пайым, жаңа сапа десек те болады.

«Жошы хан» – әуелі біздің халыққа дәл қазір қажет рухты шығарма. Елдігіміздің іргесін бекемдеп, ұлы ұлыстардан қалған жерімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, тарихымызды танып, тілімізді құрметтеп, өнерімізді дәріптеуге шақырады бұл өнер! Олай болса, өнерді шырақ етіп ұстай алған халықтың арманы орындалғай!

Зағфар КӘРІМХАН,  
әдебиеттанушы

## ТҮРКІ ЖҰРТЫНА ОРТАҚ ҚАЗЫНА

Мемлекеттік сыйлыққа әдебиет саласы бойынша ұсынылған шығармалар ішінде әдеби сынға арналған дара еңбек – көрнекті ғалым, сыншы, қаламгер, филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Сәрсенұлы Ерғобектің қазақ балалар әдебиетінің мәселелерін талдауға, толғауға арналған «Адамның бір қызығы бала деген...» кітабы бар.

Егер осы мәртебелі сыйлық тарихына зер салсақ, 1968 жылдан бері беріліп келе жатқан осынау Қазақстан мемлекеттік сыйлығын алғандар қатарында Мұхамеджан Қаратаев, Рымғали Нұрғали, Шерияздан Елеуенов, Зейнолла Серікқалиұлы, Мырзатай Жолдасбеков сынды әйгілі ғалым әдебиет сыншыларының еңбектері бар. Бұл жолғы ерекшелік – мемлекеттік сыйлыққа тұңғыш рет қазақ балалар әдебиетіне арналған еңбек ұсынылып отыр.

Қазақ балалар әдебиеті – қазақ әдебиетінің өзіндік қалыптасу, өсу, өркендеу жолы бар, іргелі, жемісті сала. Балалар әдебиеті – әдебиет зерттеушілерінің жігіт мән беруіне сұранатын ереше жеке арна. Ол әдебиет зерттеушілерінің назарынан тыс қалған емес, оқулықтар жазылды, хрестоматиялар құрастырылды, диссертациялар қорғалып келеді. Жанды құбылыс ретінде қазақ балалар әдебиетінің де ардайым зер сала зерттейтін мәселелері жетерлік. Құлбек Ерғобектің «Адамның бір қызығы бала деген...» кітабы осы толғаулы мәселелер туралы.

Ғалым-зерттеуші Қ.Ерғобек – көпшілік сыншылар бара бермеген балалар әдебиетін зерделеумен ұдайы айналысып келе жатқан қаламгер. Ол – талайдан төселген, өзі зерттеу нысанына алған мәселесін кеңінен таратып, тереңдете талдап, орынды сын, орайлы пікір айтып жүрген және әділін айтып келе жатқан айтулы сыншы. Балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің талайы өмір жолын, шығармашылық еңбектерін тиянақты талдап, таныстырды, олардың әрқайсысының қаламгерлік ерекшеліктерін тоқталып, еңбектеріне әділ баға берді, осылай қазақ балалар әдебиеті сынының дамуына елу жылдай елеулі үлес қосып келеді.

Кеңес дәуірінде қазақ балалар әдебиеті туысқан әзербайжан, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, татар, түрікпен және басқа да ағайын халықтар әдебиетінде озық шығармалары қазақ тіліне аударылуымен де толығырақ түсті. Осы қазынынан және кезінде өзінің одақтық «Детская литература» журналы редакциясының алқа мүшесі ретіндегі мүмкіндігін ұтымды пайдаланып, Қ.Ерғобек «Адамның бір қызығы бала деген...» елеулі еңбегінде қазақ балалар әдебиетінің тарихын түркі халықтары әдебиетімен байланыстыра, салыстыра баяндайды, әдебиеттің әрі бір ерекше саласының талай жетістіктерінің, олқылықтарын білгірлікпен саралайды, өзекті мәселелерге тоқталып, тұшымды пікірлерін ортаға салады. Қазақ әдебиетінің мәселелерін түркі жұрты руханиятымен ұштастыра саралап талдау – ұстазы көрнекті түркітанушы ғалым Бейсенбай Кенжебаевтан алған және өзі ұдайы жалғастырып келе жатқан тәлімі. Осы күні түркі әлемі өзара ықпалдасуға, жақындасуға түсуге, бірін-бірі тануға бет алған кезеңде Құлбектің бұл еңбегінің бір ерекшелігі әрі құндылығы да осында!

Сондықтан да бұл кітап туысқан башқұрт, қырғыз, өзбек, татар тілдеріне аударылып басылды, әдебиетшілер тарапынан жоғары баға алды. Өзбек балалар әдебиеті сыншысы Қозақбай Юлдашев, Татарстан Жазушылар одағының төрағасы Рқайыл Зайдулла, башқұрт әдебиет сыншысы, академик Мирас Иделбаев, қырғыз әдебиет сыншысы Жылдыз Бакашова және басқалар Құлбек бауырларын Орталық Азияның аса көрнекті ғалым-сыншысы, түркі жұрты руханиятының білгірі, қазақ балалар әдебиетінің түркі халықтары әдебиетімен, атап айтқанда, алтай, әзербайжан, башқұрт, қырғыз, өзбек, татар, шор, шуаш балалар әдебиетімен етене байланысты қарастыра зертте-

ген жан-жақты, өрелі, білімді әдеби сын еңбек, құбылыс деп бірауыздан аса жоғары бағалаған.

Құлбектің бұл елжандылығын Алматыдан Түркістанға әдейі қоныс аударып, әзірге 24 тілден тұратын 60 мыңнан астам кітап қоры бар әлемде жалғыз «Түркі тілдес халықтар әдебиеті кітапханасын», «Б.Кенжебайұлының түркітану музейін», «Б.Сәрсеновтің түркі халықтары өнер галереясын» тірнектеп жүріп, жинастырып ашуы, жеті том «Түркістан» жинағы сын еңбегін жазып шығаруы және түркі елдерінің көрнекті руханият қайраткерлерінің қатысумен тұсаукесер ұйымдастыруы – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркістанды түркі әлемінің рухани астанасы деп жариялаған бастамасына нақты іспен қосылған үлесі.

Қ.Ерғобектің кітабы үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде автор қазіргі балалар ақындарының бесік жыры, жұмбақ, тақпақ сияқты түрлерін жазуда фольклордан үйреніс жолдарына үніліп, оларды сыншы тұрғыда сипаттайды, озық үлгілерін тандап алып, байыпты талдау жасайды. Кітаптың екінші бөлімі балалар әдебиетіне елеулі үлес қосқан қаламгерлер Ө.Тұрманжанов, Қ.Әбдіқадыров, Б.Соқпақбаев, М.Әлімбаев, Ә.Дүйсенбиев, Ж.Смақов, М.Жаманбадинов, Қ.Баянбаев, Н.Әлімқұлов, Ж.Кәрбозин, Т.Дәуренбеков, С.Әлімқұлов, М.Қаназ еңбектерінің тәлім-тәрбие берер шығармаларын талдауға арналған. Олардың балаларға арнап жазудағы өзіндік шығармашылық шеберлігін ашқан. Кітаптың «Балалар әдебиетінің бақшасында» деп аталатын үшінші бөлімінде балалар әдебиетінің өзекті мәселелері туралы толғайды. Қазақ балалар әдебиетінің қалыптасу, даму жолдарын саралайды, бүгінгі жай-күйін бағалай отырып, болашақ даму бағыттарын пайымдайды. Балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бала дүниетанымы мен психологиясына негізделген шығармашылық шеберлігіне талдау жасайды, жетістіктеріне тоқталып, олқы тұстарға да назар аударады.

Бұл ретте профессор сыншы Құлбек Ерғобек: «қазақ балалар прозасының дамуын біркелкі деп айта алмасақ керек. С.Бегалиннің «Сәтжан», «Шоқан», С.Мұқановтың «Бақатшының баласы», М.Әуезовтің «Көксерекі», Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», С.Омаровтың жиырмасыншы жылдардың шындығын бала кейіпкер бейнесінде суреттеген әңгіме, повестері, сөз жоқ, балалар прозасының әр кезеңдегі, белеңді туындылары. Әрдайым жадымызда ұстайтын шығармалар» дей келе, «әйтсе, соңғы жылдарда жалпы қазақ балалар әдебиетінің еңсесі түсіп кетті. Ал қазақ балалар әдебиеті сыны да оның дамуына ықпал етерлік халде емес» деп қынжылады.

Сыншы Қ.Ерғобек қазақ балалар прозасының тіліне де арнайы тоқталады: «бірінші, тіл білмеуден, әйтпесе, күнделікті тіршілікте аз қолданылатын сөздерді іздене пайдалана алмаудан; екінші, сөздің мағынасына мән бермей қате қолданудан; үшінші, стильдік олақтықтан; төртінші, өмір көрінісін образбен жеткізем деген тілектен туған қойыртыпқақ қолданыстар бар болып шықты» деген қорытынды жасайды.

Қ.Ерғобектің «Адамның бір қызығы бала деген...» кітабында шығармашылық өмір жолын талдаған қаламгерлердің бірсыпырасына тоқталу арқылы сыншының өзінің талдау шеберлігін байыптап көрейік. Солардың бірі – көрнекті ақын Мұзафар Әлімбаев «Балдырған» журналын ұзақ жыл басқарған қаламгер. Сыншы



Құлбек Ерғобек осы журнал және оның редакторы Мұзафар ақынның бұл қызметі қазақ балалар әдебиетінің заманнан қалыспай дамуына қосқан үлесін жоғары бағалайды.

Құлбек Ерғобектің «Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы» сериясымен шыққан баслымдарға жазған алғысөздері де – өз алдына бір төбе еңбектер. Әдебиет зерттеушілер Құлбектің бұл алғысөздерін балалар әдебиетін оқытып жүрген мектептегі ұстаздарға әдістемелік көмекші, қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға жарамды деп бағалаған.

«Сыншы, публицист жазушы Қ.Ерғобек жұмысының тағы бір саласын айтпай өтуге болмайды. Сыншы Құлбек Ерғобек қазақ балалар әдебиетін көптен бері зерттеп келеді. Бұл ретте оның «Мейірім шуағы», «Қазақ совет балалар жазушылары» деп аталған анықтамалығын, т.б. баслымдарын атап көрсетуге болады» деп академик Р.Бердібай оның балалар әдебиетін зерттеуге арналған еңбегіне жоғары баға берген. Ол әр жылдары Қазақстан Жазушылар одағында әдеби жыл қорытындысына арналған жиындарда қазақ балалар әдебиетінің жай-күйі туралы баяндамалар жасап келеді. Жарық көрген мақалалар жинақтары да қазақ балалар әдебиетінің мәселелеріне арналды. Құлбектің әдебиетшілік, сыншылық еңбегі жөнінде қазақ және түркі жұрты әдебиетші, ғалым зиялыларының талайы, солардың ішінде Шыңғыс Айтматов, Мұстафа Кәрім, Адыл Якубов, Әбіш Кекілбаев, Герольд Бельгер, Сафуан Шаймерденов, Бердібек Соқпақбаев, Әбдуәлі Қайдар, Мұхтар Шаханов, Дулат Исабеков, Мырзатай Жолдасбеков (бұл тізім біразға барар еді) пікір білдіріп, әр кезде аса жоғары бағалады.

Алда балалар әдебиетінің жай-күйін тауелсіз ел мүддесі тұрғысынан жана-ша пайымдау, бағалау міндеті тұр. Өйткені балалар әдебиеті – келешек ұрпақты қалыптастыру, тәрбиелеу құралы. Қазіргі өмірлік әлеуметтік мәселелерді көркем бейнелер арқылы шебер суреттеу жасөспірім дүниетанымын қалыптастыруға, байытуға, белсенді, алғыр, отаншыл азамат болып өсуіне ықпал етуде балалар әдебиетінің ақп өзіндік орны ерекше. Әдебиеттің осындай жауынгер саласында елу жылдан астам еңбек етіп, төл туындылары жинақталған жетпістен астам кітап шығарған, екі мыңдай мақала жазған, маңдай терін төгіп, үнемі шығармашылық ізденіс үстінде келе жатқан ғалым-сыншы Құлбек Ерғобектің «Адамның бір қызығы бала деген...» қазақ балалар әдебиетінің мәселелеріне арналған сүбелі еңбегі – еліміздің ұлы Абай атындағы мемлекеттік сыйлығын алуға лайық бірегей туынды.

«Ерғобековті Ерғобековтей бақай-шығына дейін жіліктей шағып, жіліктей зерттеп, жіліктей түсіндіру үшін тағы бір Ерғобеков керек. Таңқалдыра біледі. Тамсандыра біледі» деп абыз Әбіш Кекілбаевтың өзі танданған сөзімен ойымызды қорытып, бәйгеде озып келуіне тілектестікпен мақаламызды аяқтаймыз. Іске сәт, өрен жүйрік сыншы қаламгер Құлбек Ерғобек!

Ақайдар ЫСЫМҰЛЫ,  
Қазақстанның мәдениет қайраткері





## КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ҚАНДАЙ НЫСАНДА ӨТЕДІ?

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының инфрақұрылымына елордалық 6 нысан кірді. Олар: «Астана-Арена» стадионы, «Қазанат» ипподромы, Ж.Үшкөмпіров атындағы Жекпе-жек сарайы, «Алау» мұз айдыны сарайы, «Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешені және «Думан» кешені.

«Қазанат» ипподромында және Этноауыл аумағында ат жарысы, дәстүрлі садақ ату және құстармен аң аулаудың ұлттық түрлері бойынша жарыстар, сондай-ақ ат жарыстары өтеді. Ж.Үшкөмпіров атындағы Жекпе-жек сарайы мен «Алау» мұз айдыны сарайында ұлттық күрес, жекпе-жек және халық ойындары бойынша жарыстар, «Думан» кешенінде дәстүрлі зияткерлік ойындар өтеді. «Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешенінде аккредиттеу және жабдықтау орталықтары орналасатын болады.

Ойындардың ғылыми бағдарламасының іс-шаралары Ұлттық музейде өтеді. Оңтүстік-батыс жағынан

«Қазанат» ипподромына іргелес 10 га аумақта орналасқан «Көшпенділер әлемі» этноауылы ДҚО мәдени бағдарламасын іске асыру үшін басты алаң болады, сондай-ақ мәдени бағдарлама шеңберіндегі іс-шаралар Астананың түрлі алаңдарында (алаңдар, саябақтар, скверлер, басқа да қоғамдық кеңістіктер, театрлар, концерт залдары, кино-театрлар, мұражайлар, көрме павильондары және т. б.) өтеді. Спорттық бағдарлама жарыстарда спорттың 21 түрін қамтиды. Оның ішінде:

- \* Асық ату
- \* Ордо
- \* Арқан тартыс
- \* Бәйге
- \* Көкпар

- \* Аударыспақ
  - \* Теңге ілу
  - \* Қазақ күресі
  - \* Ашыртмалы аба гүреші
  - \* Кореш (белбеу татар күресі)
  - \* Көкборуу
  - \* Алыш
  - \* Мас-рестлинг
  - \* Powerful nomad (алыптар сайысы)
  - \* Тоғызқұмалақ (тоғыз-қорғұл)
  - \* Мангала
  - \* Овари
  - \* Жамбы ату
  - \* Дәстүрлі садақ ату
  - \* Құсбегілік
  - \* Құраш (өзбек күресі)
- Ойындарда 100-ге жуық медаль жиынтығы ойнатылады.

## «АЗИЯ КӨКПАР ЛИГАСЫ»

Елордада Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында «Азия көкпар лигасы» командалық көкпар жарысы өтті.

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Қазақстан Көкпар федерациясы мен «Sparta Astana Promotion» компаниясы ұйымдастырған лиганың ерекшелігі – ұлттық ат спорты ойынын ел ішінде көбірек насихаттау болып саналады. Аталған жарысқа көңілді тапқырлар клубының ойыншылары, блогерлер және басқа да медиа саланың адамдары қатысты.

Ауқымды іс-шара «Тұлпар» ат спорты клубында ұйымдастырылды. Сондай-ақ жарысқа құрамында ең үздік спортшылар мен танымал тұлғалардан құралған «Спарта Астана», «Бестөбе», «Ынтымақ», «Астана Жастар құрамасы» сынды төрт команда қатысты. Бұған қоса көрермендер арасында ләңгі тебумен асық атудан жарыс болып, ойын ересектер (ең үлкен қатысушы 67-де) мен жасөспірімдер арасында жеке-жеке өтті. Сөйтіп, 50-ге жуық қатысушы жиналған асық атудың чемпионына 50 мың теңге ақшалай сыйлықпен

қатар тазы ит сыйланды. Ләңгі тебу ойынының жеңімпазына 30 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық берілді.

Ал көкпар бойынша командалар арасындағы жарыстың нәтижесінде «Спарта Астана» 1-орынға ие болса, «Астана Жастар құрамасы» 2-орынды қанжығасына байлады. «Бестөбе» – 3-орын, «Ынтымақ» 4-орын алды. Ал үздік қорғаушы номинациясы блогер Файзолла Нағашыбайұлына берілді. Атбегі Сәкен Елеуов үздік шабандоз атанса, үздік шабуылшы номинациясы көкпаршы Әділ Тілектеске бұйырды.

Бұл елімізде бірінші рет өтіп жатқан турнир екенін айтқан Дүниежүзілік көкпар федерациясының вице-президенті Әлібек Мұқатаев аталмыш жарысты алдағы уақытта дәстүрге айналдыру жоспарда бар екенін жеткізді.

– Ұлттық спортты дамытқымыз келсе, әуесқойларды көбірек шақыру керек. Мұнда Аралас жекпе-жек

өнерінің (ММА) шеберлері, өнер адамдары, кәсіпкерлер жүр. Мысалы, мен бүгін төрт атымды алып келдім. Алдымызда көшпенділер ойыны болады, соған дайындалып жатырмыз. Осылай насихаттаудың арқасында жастарымыз көрсін, атқа отыруды үйренсін дейміз. Біздің ата-бабамыз неге мықты болды? Олар аттың үстінде жүрді. Қазір «Азия көкпар лигасын» пилоттық жоба ретінде тұңғыш рет өткізудеміз. Алдағы уақытта жеңіл шабуылшыларды шақырғымыз келеді, – деді Әлібек Мұқатаев.

Айта кетейік, алдымыздағы қыркүйек айының 8-12 аралығында 5-Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Оған жүз шақты елден 3 мыңға жуық қатысушы келеді деп жоспарланып отыр. Қазіргі күннің өзінде 89 елдің өкілі қатысатындарын мақұлдаған.

Торғын АМАН



### АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 19.07.2024 №510-2413

#### Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында Астана қаласының

әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.
2. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Әкім

Ж.ҚАСЫМБЕК

Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы «19» 07 № 510-2413 қаулысына қосымша

#### Өзгерістер енгізілетін Астана қаласы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 10 наурыздағы № 510-498 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2023 жылғы 19 маусымнан бастап 2024 жылғы 19 маусымға дейін» деген сандар мен сөздер «2024 жылғы 23 қыркүйектен бастап 2025 жылғы 23 қыркүйекке дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

2. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 11 қыркүйектегі № 510-1240 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2023 жылғы 20 сәуірден бастап 2024 жылғы 20 сәуірге дейін» деген сандар мен сөздер «2024 жылғы 23 қыркүйектен бастап 2025 жылғы 23 қыркүйекке дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

3. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 5 ақпандағы № 510-325 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға: «Жер учаскесінің орналасқан жері» деген бағанда: реттік нөмірі 79-жолдағы «№ 364» деген сандар «№ 364/1» деген сандармен ауыстырылсын.

4. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 8 шілдедегі № 510-2012 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2022 жылғы 1 қарашадан бастап 2023 жылғы 1 қарашаға дейін» деген сандар мен сөздер «2024 жылғы 23 қыркүйектен бастап 2025 жылғы 23 қыркүйекке дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

5. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 25 қарашадағы № 510-3531 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2023 жылғы 27 наурыздан бастап 2024 жылғы 27 наурызға дейін» деген сандар мен сөздер «2024 жылғы 23 қыркүйектен бастап 2025 жылғы 23 қыркүйекке дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

6. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 2 наурыздағы № 510-403 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2023 жылғы 12 маусымнан бастап 2024 жылғы 12 маусымға дейін»

деген сандар мен сөздер «2024 жылғы 23 қыркүйектен бастап 2025 жылғы 23 қыркүйекке дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

7. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 2 наурыздағы № 510-393 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2023 жылғы 12 маусымнан бастап 2024 жылғы 12 маусымға дейін» деген сандар мен сөздер «2024 жылғы 23 қыркүйектен бастап 2025 жылғы 23 қыркүйекке дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

8. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 22 мамырдағы № 510-1711 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға: «Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)» деген бағанда:

реттік нөмірі 160-жолдағы «80» деген сандар 0,0740» деген сандарға ауыстырылсын.

9. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 23 мамырдағы № 510-1737 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға: «Жер учаскесінің орналасқан жері» деген бағанда:

